



Ақмешіт

1 сәуір
сейсенбі
№23 (2136)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

АУЫЛҒА СЕРПІН БЕРГЕН БАҒДАРЛАМА



«Ауыл аманаты» жобасы елімізде сәтті жүзеге асып, ауыл халқының кәсіп бастауына, жұмыссыздар санының азаюына, тұрғындар табысының артуына оң әсерін тигізуде. Жоба бойынша 2029 жылға дейін ауылдарда 350 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Осының негізінде 1 миллион ауыл тұрғыны жұмыспен қамтылады. Ал осы мақсаттағы жұмысқа мемлекеттік бюджеттен бір триллион теңге көлемінде қаражат бөлінген.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы кәсіпкерлікті дамыту үшін, әсіресе мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы салаларында жеңілдетілген несиелер беру арқылы ауылдық жерлер мен шағын қалалардың тұрғындарын қолдауға бағытталған. Несиелер жылдық 2,5 пайызбен 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін жеті жылға дейін беріледі. Қарыздың ең жоғары сомасы 2,5 млн АЕК-ке дейін, ал ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін 8 млн АЕК-ке дейін құрайды. 2023-2024 жылдары бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 120 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражат 107,9 млрд теңге сомасына 16,2 мыңнан астам шағын несиелер беруге мүмкіндік берді, 17,8 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Ал 2025 жылы жаңа шағын несиелер беруге және 8,1 мың жұмыс орнын құруға 50 млрд теңге қарастырылған. Айтпа кетейік, бағдарламаны

іске асыру басталған бері өңірлерде 540-тан астам ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылған. Олардың 537-сі 12,1 млрд теңге сомаға қаржыландыруды алған. Жоба басталғаннан бері несиелендіріліп, 40-тан астам жұмыс орны құрылған. Елде бағдарламаны дамыту мақсатында «AMANAT» партиясымен бірлесіп, ауқымды жұмыс атқарылған. Атап айтсақ, бұл жоба арқылы 16 мың шағын несиелер беріліп, 17 мыңнан аса жаңа жұмыс орны құрылған.

Бағдарлама аясында 2025 жылға ауыл шаруашылығы министрлігі 50 млрд теңге бөлсе, 2026 жылы да осыныша қаржы қарастырылмақ. Оған несиелерден қайтарылған қаражат қосылады. Аймақтарға бұл қаржы бірнеше талаптарға қарай берілетін болады. Ұсынылатын жобаларда өндіріс пен өнім өткізудің нақты схемасы болуы қажет. Несиелер беру, қайтару және оны алушыларды есепке алатын ақпараттық жүйе орнағандығы тиіс. Бөлінген қаражаттың 20% ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне, тағы 20% қайта өңдеуге, 60% басқа да бағыттарға беріледі. Мемлекет тарапынан кәсіп бастаймын дегенге қолдау көп. Әсіресе, ауыл адамдары үшін осындай жобаның жүзеге асып жатқаны қуанттарлық жайт.

Айтқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

«Ghibli» стиліндегі аниме-бум: Әлемдік тренд немесе Миядзакидің мұрасы қорғалмай ма?



27 наурыздан бастап жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін «ChatGPT» жаңа функциялармен толығып, жанартылған сурет генераторы іске қосылды. Әлеуметтік желілердегі ленталар лезде аниме стиліндегі суреттерге толып кетіп, соңғы 3-4 күн ішінде интернет кеңістігінде жасанды интеллект жасаған «Ghibli» стиліндегі суреттер көбейді. Саясаткерлер, спортшылар, қазақстандық культтік фильмдердің көріністерін ЖИ генерациясы арқылы аниме стилінде көрдік. Жапондық анимацияның культтік студиясының «Менің көршім Тоторо» және «Рухтар әлеміне саяхат» сияқты әлемдік хикаяларды шығарған «Studio Ghibli»-дің қайталанбас стилин әлеуметтік желі қолданушылары өз фотосына өзгертіп, ерекше визуалды трендтен тыс қалмай жарыса суреттермен бөлісуде. «OpenAI»-дің бас директоры Сэм Алтман да бұл трендтен тыс қалмаған. Ол өзінің жаңа профилін «Studio Ghibli» стилінде жасаған. Қазіргі таңда желі пайдаланушылар «ChatGPT»-ке дайын суреттерді жүктеп, оларды түрлі стильдерде қайта жасауды сұрап, анимацияланған трендтің жаңа кезеңін қалыптастыруда. Алайда бұл жаңа трендпен бірге бірнеше маңызды сұрақтар да туындайды. «Ghibli» стилі дегеніміз не және неге ол әлеуметтік желілерде осыншалықты тез таралып жатыр? Миллиондаған қолданушы өз бейнесін аниме кейіпкеріне айналдыруға неге құмар? ЖИ арқылы жасалған суреттер авторлық құқық мәселесін айналып өте ме, әлде бұл заң бұзушылықтың жаңа формасы ма? Жасанды интеллектке жеке суреттерді жүктеу қаншалықты қауіпті? Зерттеп көрейік.

4-БЕТТЕ

ТЕАТРҒА АРНАҒАН ҒҰМЫР



3-БЕТТЕ

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ САҚТАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ



Бүгінде Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде тұрған Газ-24 маркалы «Чайка» автомобилі 1986 жылы арнайы тапсырыспен Ресейдің Новгород қаласындағы «Горький» автомобиль зауытынан шыққан.

— Қызылорда облысының халық шаруашылығындағы ең жоғары көрсеткіштері мен еңбек адамдарының қажырлы еңбектерінің нәтижесінде КСРО бойынша 1986 жылы арнайы тапсырыспен небары төрт дана типін шығарылған «Чайка» көлігінің біреуі біздің аймаққа бұйырады. Бұл көліктің келуіне облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған Виталий Брынкинге тапсырылады. Көлікті алып келуге бірнеше облыс басшыларының көлік жүргізушісі қызметін атқарған Бауыржан Успанов Мәскеу қаласына аттанып, генерал Максимовтің қолынан қатар тұрған 4 көліктің біреуін алады. Бірнеше күннен кейін көлік Байқоңыр қаласы арқылы Қызылорда қаласына әкелінді. Әрі қарай бұл көлікті түрлі мақсаттағы жұмыстарға пайдаланбай, сол калпында 2005 жылы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорына сый ретінде тапсырылды, — дейді музей қызметкері Асхат Сайлау. Билығы Наурыз мерекесінде қырық жыл сақталған құндылық «Magnit» сауда орталығының алдына қойылды. Тұрғындар зауыттан шыққан күйде сақталған тұлпардың

жанына суретке түсіп жатты. Дарын Айтореев те бүгінгі Наурыз тойының салтанатынан кейін сауда орталығына келе жатып, осы автокөлікті көріп, таңырқағанын айтады. — Әрине, қанша жылдық тарихтан хабар беріп тұр. Уақытпен дәлелденген бұрынғы автокөліктердің сүйегі осындай мықты болады. Кейін ғой, тіпті материалдан да үнемдеп, ұзаққа бармайтын автокөлік шығаруға шебер болып алды. Қасына келіп, суретке түсіп алдым. Әжептәуір лимузинге де ұқсайды. Ішінде отырған адам қысылып-қымытырылмай, ерін-еркін отыратыны ұнады. Осындай құндылықпен бетпе-бет келіп, көруге мүмкіндік сыйлаған музей қызметкерлеріне рахмет, — дейді ол. Көліктің жанына естелік суретке түсіп жатқан халықтың қарасы қалып. Иә, жылы көнерген сайын мұндай құндылықтардың қадірі де арта түседі.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ТЕАТРҒА АРНАҒАН ҒҰМЫР

Жағалауда қайырлап қалған кемелей жан азабын тартқан сәттері санадан өшіріле ме сірә?! Сан сынаққа шыдап қайсарлық танытса да, тағдырдың сынағы жан дүниесін қаусатып, бақыттың жұпар гүлін жұлып кеткеніне, көңіл терезесіндегі әдемі сезім моншақтарын үзіп кеткеніне жаны жараланып қалғаны рас. Қос жұлдызы өшкенде өмірдегі атақ-даңқтың да өзіне жұбаныш бола алмайтынын жан жүрегімен сезінді. Иә, ол жылдар келмеске кетті. Бірақ санасында жарылыс жасап, жан-жүрегін сыздатып кетті.

Ол сол қиын сәттегі жан толқынысын жазба қып қалдырып, шер таркатқан. «Алланың жазуына көнеміз ғой. Бірақ та Талдықорғанда еңбек етіп жүргенімде жалғыз ұлымды жоғалттым. Жиырма жасқа толып, жарқырап жүрген жарығым қатыгездіктің құрбаны болып, бір-ақ түнде қараңғы түнге сіңіп жоқ болды. Құйрықты жұлдыздай ағып түсті. Соны ойласам, көңілім құлазып, жүрегім қарс айрылады. Топырақ ата жұртынан емес, Талдықорғаннан бұйырыпты. Осы жағдайдан кейін біз де бұл қалада көп тұрақтай алмадық. Жұбайым Әлия екеуміз 2003 жылы туған жерге оралып, театрдағы жұмысымызды қайта жалғастырдық. Бұл жақта да шүкір жылдарымыз жемісті өтті. Мұнан соңғы өкінішім жан жарымды жоғалттым. Қос қызым жанымнан табылып, демеу болса деп, көңілімде ойсырап бір бос орын тұрады. Әнгімеңіздің басында айтқанымдай, осылайша өмірім сағынышпен өтіп жатыр».

Шынында, төредей қып төбесіне көтерген халықтың ықыласы ғана жан жарасын емдеп, көңілін жұбататынын бүкіл болмысымен сезініп, мойындағанда ғана өн бойына жылы шуақ тарап, өмірдің керемет сағаттары қайта соға бастады.

Біз әнгімелеп отырған Сыр перзенті, режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Хүсейін Жүсіпов Әмір - Темірдің өмір жолы бүгінде 6 кітапқа арқау болған. Өзінің мәдениет әлеміндегі парасатты бейнесін қалам қуатымен елге паш еткен өнер адамымен сыршыл сұхбаттар өте көп. 85 жасқа толса да әлі тұғырдан түспей, бойындағы бар білігі мен білімін кейінгі буынды тәрбиелеуге күш салған тұлғаның режиссерлық қарымы жоғары екендігін тілге тиек етсек болғандай. Нардың жүгін көтерген өміршен туындысы «Бір сахна – егіз ғұмыр» деп аталады. Онда өзінің жұбайы Қазақстанға еңбек сіңірген актриса Әлия Арысбаева екеуі жайлы белгілі театр сыншыларының, ақын-жазушылардың, журналистер мен көрермендердің ой-пікірлері топтастырылған.

Ал екінші кітабының атын Сырдың дүлдүл ақыны Әскербек Рақымбеков «Өнер-Баян» деп қойыпты. Ол жинақта режиссердің режиссура әлеміндегі алғашқы қадамы 1968-90 жылдардағы Н. Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық драма театрында режиссер, бас режиссер болып жұмыс істеген жылдардағы пьесаны талдап, оған жан кіргізген ізденістері кеңінен сөз етілген. Ал үшінші «Өнер-Өмір» кітабында Талдықорғандағы Б. Римова атындағы театрда бас режиссер болып жұмыс істеген кезеңінен сыр шерткен. Төртінші кітаптың да салмағы жеңіл емес. «Адам болып өтейін» тақырыбын арқау еткен туындыда драматургияға қатысты пьесалары, инсценировка, орыс тілінен аударылған шығармалары топтастырылған.



«Өнер-Әлем» аталатын бесінші кітапта 2003 жылдан бастап Н. Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында көркемдік жетекші болған кездегі еңбек жолы баяндалған. Онда автор «труппаны қайта тәрбиелеп, жаңадан жасақтау, режиссерлық еңбекпен қатар ұстаздық ұстанымды іске асыру, қойылған әрбір спектакль барысында артистерді роль табиғатына енгізуге ұмтылыс, жан-жақты ізденіске бағытталған репетиция, әлем сахналарындағы Қызылорда театрының гастрольдері және республика көлемінде өткен фестивальдердегі артистердің еселі еңбегі жайлы жазған жазбаларым баяндалған», – дейді.

Алтыншы кітаптың да көтерер жүгі ауыр. Кітаптың аты театр сыншысы, өнертану докторы Бақыт Нұрпейісовтің кеңесімен «Сырлы сазды сахна» деп қойылған. Онда режиссура, актер шеберлігі туралы еңбектер, лекциялар, сұхбаттар, мақалалар, естеліктер, бала кездегі хаттар топтастырылған.

Ғұмырының сәуелі сәттері және тағылым мен ғибратқа толы өмір жолының тарихын ұқыптап жинап, құндылыққа айналдырып, 6 кітапқа арқау еткен Сыр бойының сыршыл перзенті, атақты режиссер, ерекше дарын иесі Хүсейін Әмір - Темір ағамыздың еңбегі ерен екені даусыз. Бұл жинақтар кейінгі буын режиссерларға, актерларға, өнер саласында жүрген жандарға таптырмас оқу құралы.

Байыпты туындыларымен Сыр бойының өнер тарихына өшпес мұра сыйлап отырған өнер қайраткері өз миссиясын орындағанын тілге тиек ете келе, театр ұжымдық өнер екенін баяндайды.

– Спектакльді сахнаға шығару тек актер ойынымен шектелмейді. Суретші болашақ спектакльдің көркемдік шешімін тауып, оның макетін жасайды. Композитор музыкасын жазады. Суретшінің нұсқауымен ағаш ұстаы сахна алаңын әзірлеп, тігінші актердің киімін тігеді. Жарық беруші өзінің аппаратурасын тәртіпке келтіреді. Барлық пехтың қызметін бақылап, сахнаны түгелдей әзірлеп беретін қойылмы бөлімінің менгерушісі. Ал спектакльді дайындауға қатысқан бүкіл ұжымның әрбір мүшесімен тіл табысып, спектакльдің толыққанды дайын болып, сахнаға шығуына тікелей басшылық ететін режиссер. Театр өнерінің

«Ауылда өстім, шаңына аунап не керек...» деген ән шымырлап бойға тарағанда еріксіз ойымызға туған жер, кіндік қаны тамған қасиетті мекен оралады. Шынында, «туған жер – алтын бесік» деп әспеттейтіміз бар. Туған жермен қатар айтылатын бесік иесі қазақтың ғана маңдайына бұйырған құндылықтың ең киелісі. Ана әлдімен балбырап бесікте ұйықтаған жанның бірі өзіміз болған соң бесік жырының қадір-қасиетін терең сезінеміз. Ең алғаш әжем мен ананның аузынан естіген ең ғажап әуеніміз – әлди жыры.

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.

Әлди-әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым,
Жұртқа жаман болса да,
Өзім сүйген аппағым!

Өміріміздің мәні болған бесік жырын айтып, бөбегінің құлақ құрышын қандырып, қазақтың қасиетті гүрпын жалғастырып жүрген аналар бәлкім, бар болар, бірақ қалада саусақпен санарлық десек те болады. Көшпелі гүрпымыздың мұрағатындай ғасырды-ғасырға жалғасқан бесіктің киесі барын білесек те, бесік жырының түрлі дерттен емі екенінен бейхабар екенбіз.

БЕСІК ЖЫРЫ – ДЕРТКЕ ДАРУ



Әлеуметтік желіден шығыстанушы Санжар Керімбайдың жазбасын оқып қайран қалдым. Оның айтуынша, 1916 жылы психоневрология институтының негізін қалаған академик Владимир Бехтерев «балалардағы невроз ауруының алдын алу үшін бесік жырын тыңдату керек» деген тұжырым айтқан. Ал психолог Виталий Леутиннің айтуынша, бесік жырын тыңдау сабидің ми қыртысындағы нейронның дұрыс дамуына түрткі болады. Америкалық психолог, медицина ғылымдарының докторы, трансперсоналды психология ғылымының негізін салушы Станислав Гроф «Beyond the brain» атты кітабында бесік жыры баланың психотерапевтік аурудан жазылуына бірден бір себеп бола алатынын ескерткен.

Жалпы бесік жырының ерекше маңызы туралы сөз қозғаған беделді ғалымдар аз болмай шықты. 2001 жылы Ресейдің Тюмень қаласының ғалымдары ұзақ мерзімді тәжірибе жүргізген. Олар жасы шамалас бірнеше сабиді іріктеп алып, екі топқа бөліп бақылайды. Алғашқы топтағы сабилер анасынан тұрақты түрде бесік жырын ғана тыңдаса, екінші топтағылар әртүрлі әуен тыңдайды. Алты ай мерзімнен соң, бөбектердің ми қыртысы тексеріледі. Нәтижесінде, әлди әнін тындамаған балалардың миындағы нейрон жасушасы баяу дамып, ойлау қабілеті бөсеңдегені байқалған. Уақыт өткен сайын әлди әнін тындамай өскен сабилердің мінез-құлқында психологиялық ауытқу күшейе берген. Олар тез ашуланып, тез шаршайды. Ойлау қабілеті төмендеп, жалқаулыққа бейім, сабаққа ынтасы төмен, науқасқа тез шалдығатыны байқалған.

Зерттеу нәтижесінде ғалымдар бесік жыры сабидің жүйке жүйесін шынықтырып, мейірімділік, ата-анаға деген махаббат сезімін дамытып, мәнерлі сөйлеуді үйрететінін дәлелдеген.

Олай болса, өзге ұлттың ғалымдарының қызығушылығын тудырған киелі бесік жырының қадір-қасиетін терең сезініп, ата-бабамыздан қалған ізгілікті үрдісті жалғастырғанымыз жөн болар.

Жәрімбет пен ер Сейтпембет әулие

«Бұл әнгімені жас кезімізде үлкен кісілер айтып отыратын еді», – дейді Әмірбек қария бізбен әнгімесінде. «Жаугершілік заманда Жәрімбет жорықта жүргенде бір күні жалғыз келе жатып далада демалып отырып ұйықтап кетеді. Ояна аты кетіп қалыпты, қару-жарағы да аттың еріне ілінген күйі бірге кетеді.

Айдалада елісіз, күнсіз жерде жаяу қалу өлгенмен тең ғой. Жаяу жалпы қайда барарын білмей торыққан батыр «Аруағыңнан айналайын Ер Сейтпембет, көмек ете гөр, айдалада ит-құсқа жем ете көрме» деп сыйынып бет алды жүре берді. Күн ысысы, көлеңке болар бұта жоқ, ұшы-қиырыз сағымданған ең дала. Көп жүріп шаршаған батырдың көзіне буалдырланған далада, алыста бірнәрсені қарағандай болады. Сол қарайғанды бағытқа алып жүре берді. Келсе өзінің аты екен. Бұта екеш бұта жоқ, мидай тақырда бір тұқыл томашаға атының шылбыры ілініп қалып, байланып тұрғанына таңырқаған батыр атына мініп, сапарын одан әрі жалғастырады. Елге келген соң батыр болған оқиғаны айта, Сейтпембет «сондағы сенің атыңның байланғанының ізі мынау еді» деп омырауын ашып, мойнын көрсетеді. Мойнында кеудесіне дейін шылбырдың ізі түскен көк белдеулер тұрғанын көрді.

ЕЛМЕН ҚАУЫШҚАН ТУЫНДЫ

Қазақтың қара өлеңінен қаймақ қалқыған небір шешендер мен көсемдерінің асыл мұрасы ауыз әдебиетінде өз бағасын алып, ұлықталып, ауыздан-ауызға тарап жатқанымен қане тарих қойнауында сақталып, жарық көріп зерттелмей, ғылыми айналмаға түспей, шаң басып жатқаны аз емес. Осы олқылықтың орнын толтырып, «алмас қылышты қын түбінде жатқызбай» жүрген фольклортанушы ғалым Берік Жүсіповтің еңбегі ерен.

Сыр елінің төл перзентінің қоржынында көп жылдар бедерінде көлеңкеде қалып қойған талай жыр жауһарын өмірге әкелген жырғаулардың, танымал өнер өкілдерінің шығармалары көздің қарашығындай сақтаулы. Ел руханиятын түгелдеп жүрген жанның мұрағатында артында өнегелі із қалдырған Алпысбай жырау жайлы деректер 40 жыл бедерінде сақталыпты. Мұнан біршама уақыт бұрын ата мұрасын ұзақ жыл ардақтап, қолжазба күйінде сақтаған белгілі ғалым Берік Жүсіпов көне дәуір туындысын жыраудың ұрпағы, өлкетанушы, ардагер ұстаз Гүлраша Хұсайыноваға аманаттаған болатын. Міне, көп ұзамай жыраудың ұрпақтары Алпысбай жырау жайлы «Әлім Алпысбай молда» атты туындыны

жарыққа шығарып, Сыр сүлейлерінің қатарына қосты. Кітаптың авторы – жыраудың ұрпағы Гүлраша Хұсайынова. Осылайша сүлейдің өшпес мұрасы халықпен қайта қауышты.

Осыған орай Жыраулар үйінде «Әлім Алпысбай молда» атты кітаптың тұсаукесері

өтті. Айтыскер ақын Нұрмат Мансұров тізгіндеген кешке ақын, өнер қайраткері Серік Ыдырысов, тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас, «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан

Көбегенұлы, қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлмира Рахметова, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Дүйсенбек Аяшұлы, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просперлік орталығының

басшысы Жанат Ашанқызы және бірқатар руханият жанаһырлары қатысты.

Жинаққа Сыр бойындағы эпикалық жыр-шылық дәстүрдің дамуына елеулі үлес қосқан, заманында есімін ұлықтаған тыңдарман «молда» атандырған әлім Алпысбай Сауаұлы жайындағы зерттеулер мен автордың соңында қалған жалғыз туынды «Әлім Алпысбай молда мен Паналы қыздың айтысы» енген. Тұсаукесер кешінде күміс домбыра иегері Бексұлтан Орынбасар мен дәстүрлі әнші Тоғжан Өтенова айтыстан үзінді орындалды. Ал айтыстың қолжазбасын жеке мұрағатында сақтап, жинаққа енгізген Берік Жүсіпов әлім Алпысбай молданың шығармашылығы жөнінде кен көлемде мәлімет беріп, елді елең еткізер осындай ғибратты туындыны өмірге әкелген өнер иелері кең көлемде зерттеліп, елмен қауышса деген тілегін білдірді. Жыраулар үйі бұл бағытта өз жұмысын жандандырса деген ұсынысын да жеткізді.

Расында, қазақтың рухани мұрасы кейінгі ұрпаққа қайта жаңғырып жетіп жатса, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғаны деп білеміз. Қалай десек те тарлан таланттардың мұрасы тасала қалмаса дейміз.

Бетті дайындаған
Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА



